

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сужарған ауылы әкімінің 2014 жылғы 18 шілдедегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 шілдеде № 4966 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сужарған ауылы әкімінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сужарған ауылы әкімінің 22.04.2015 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес, Жангелдин ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 17 маусымдағы №05-15/131 ұсынысы негізінде Сужарған ауылының әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Сужарған ауылы аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

А.

Конысбаев

А у ы л ә к і м і
К Е Л І С І Л Д І

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі Ветеринариялық
бақылау және қадағалау комитетінің
Жангелдин аудандық аумақтық инспекциясы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Б. Жусупбеков

